

27 МАМЫР,
2025 ЖЫЛ,
СЕЙСЕНБІ
№56 (23 525)



ORTALYQ QAZAQSTAN



ОНЛАЙН ЖАЗЫЛУ

1931 жылдын
4 қазанынан бастап шығады

Қ А Р А Ғ А Н Д Ы О Б Л Ы С Т Ы Қ Қ О Ғ А М Д Ы Қ - С А Я С И Г А З Е Т

www.ortalyq.kz

www.instagram.com/ortalyq.kz/

www.facebook.com/ortalyq.kz/

info@ortalyq.kz

Аманатқа адалдық ауылдан басталады

«Ауыл аманаты» – жөнекей жоба емес, ел болашағына сарп етілер сенімді инвестиция, ауыл тіршілігінің тың тынысы. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың тапсырмасымен 2023-2029 жылдарға арналған ауылдық аумақтарды дамыту тұжырымдамасы аясында іске асырылып жатқан бастама – ауыл халқының тұрмысын түбегейлі өзгертуге бағытталған нақты қадам.

Ерқанат КЕҢЕСБЕКҰЛЫ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Жоталы жобаның басты мақсаты – ауыл тұрғындарының табысын еселеп, өмір сүру сапасын жаңа деңгейге көтеру. Қаржылық қолжетімділікті арттыру, ауыл инфрақұрылымын заманауи талаптарға сай жаңғырту, кәсіпкерлікті қолдау арқылы жергілікті экономиканың қуатын арттыру. Мұның бәрі «Ауыл аманатының» аясында нақты жүзеге асуда. Әлбетте, меже сәтті орындалса, шалғайдағы ауылдардың өзінде серпіліс пайда болып, жас мамандар ауылға бет бұрып, өңірлердің дамуына тың серпін бермек. Мұндай ауқымды жоспарлар бар жерде «Осы тұрғыда біздің облыста не өзгеріп жатыр?» деген ел арасында орынды сауал туындайды. Иә, дәл қазір аймақ аумағында да «Ауыл аманаты» жобасының алғашқы нәтижелері қылаңыта бастағандай. Алда әлі де тың жобалар, жаңалықтар, жарқын жетістіктер күтіп тұр.

2023 жылдан бастау алған «Ауыл аманатының» басты мұраты – қыр баласының әлеуетін толық ашу, кәсіпкерлікке кең өріс беру әрі тұрғындардың әлеуметтік жағдайын сапалық жаңа деңгейге көтеру. Оның аясында мал тұқымын асылдандыру, өсімдік шаруашылығында өнім сапасын жақсарту сынды маңызды міндеттер кезең-кезеңімен жүзеге асырылуда. Сонымен қатар, ауылдық туризмді дамыту, тұрақты жұмыс орындарын құру сынды жаңа бағыттар да жобаның маңызды бөліктерінен. Яғни, ауылда тек мал бағумен шектелмей, табыс табудың алуан түрлі жолдары ұсынылуда. Ең бастысы, осы игіліктің бәрі қолжетімді қаржы құралдары арқылы жүзеге асып келеді. Қарапай-



Қолмақыз жасаған Шаһар Аманбетов

ым ауыл тұрғыны үшін бұрын қолы жете бермейтін мүмкіндіктер шынайы қолдау тетіктері арқылы нақты шешімге айналуда.

Енді нақты іске келелік. «Ауыл аманаты» бағдарламасы шеңберінде ұсынылып отырған қаржылық қолдаудың шарттары бұрын-соңды болмаған тиімділікпен ерекшеленеді. Байыпты бағдарлама аясында мал шаруашылығына арналған несие бар-жоғы 2,5 пайызбен жеті жыл мерзімге берілсе, басқа салалардағы бизнес бастамаларға бес жылға дейінгі жеңілдетілген несие қарастырылған. Есептеп көрсек, бұл – ауылдағы ағайын үшін нағыз табысқа бастар жол! Жеке кәсіпкерлер үшін 9,5 миллион теңгеге дейін, ал, ауыл шаруашылығы кооперативтері үшін 30 миллион теңгеге дейінгі несие көлемі ұсынылуда. Ең қуаныштысы, қомақты қаржыны алу жолы да оңай әрі қолжетімді. Қазірдің өзінде amanates.kz электронды платформасы арқылы өтінім беріп, құжаттарды заманауи, цифрлық үлгіде рәсімдеуге толық мүмкіндік бар. Облыс аумағында берекелі бастаманы жүзеге асыру ал-

дында жан-жақты дайындық жұмыстары атқарылды.

Арнайы сараптама арқылы 156 ауылдық елдімекен қамтылып, әрқайсысының нақты мүмкіндіктері, экономикалық бағыты, әлеуеті жіті зерделенді. Аталған маңызды мәселеге облыс әкімі Ермағанбет Бөлекпаев ерекше назар аударып келеді. Аймақ басшысы «Қолайлы несие» шапағатын ауылдағы әр азамат сезінуі тиіс» деген ұстанымды алға тартып отыр. Айтылған пәрмен жай сөз емес, нақты мақсат. Ермағанбет Бөлекпаев «Ауыл аманаты» бағдарламасы бойынша қолдау көрсету үшін жаңа жобалар тобын құруды тапсырды. «Сарыарқа» әлеуметтік-кәсіпкерлік корпорациясы микрокредиттерді уақытылы беруді қамтамасыз етуі тиістігін де қалерге салды.

Бағдарламаны жүзеге асыру нақты нәтижелермен дәлелденіп келеді. Бүгінде 670-тен астам микрокредит беріліп, соның нәтижесінде 900-ден астам тұрақты жұмыс орны ашылған. Облыстың ауыл шаруашылығы басқармасының басшысы Өнуар Төлебековтің айтуынша, жобалар-

дың көпшілігі мал шаруашылығын дамытуға ауыл шаруашылығы техникасын жаңалауға бағытталған.

– Бұл – ауыл халқының тұрмыс сапасын жақсартуға, жастарды туған жерінде тұрақтандыруға бағытталған маңызды жетістік. Жобалардың басым бөлігі мал шаруашылығын дамытуға, ауыл шаруашылығы техникасын сатып алуға және өндірілген өнімді қайта өңдеуге бағытталды. Яғни, ауыл экономикасының құрылымын күшейтіп, ішкі нарықтағы бәсекелестік қабілетті арттырып отыр. Мұнымен қатар, ауыл шаруашылығынан тыс қызмет көрсету, қолөнер, туризм сияқты салалардағы жобалардың да көбейіп келе жатқаны қуантады, – деп тұжырым ойын ведомство басшысы.

Нәтиже бар. Жобалар саны артты. Өңірде мал басының өсімі тіркелді. Тағы бір айта кетерлік жайт, 105 бірлік ауыл шаруашылығы техникасы сатып алынып, кооперативтер мен жеке шаруашылықтардың техникалық паркі 22 пайызға жаңартылды.

➤ 2-бет

• МЕРЕКЕ ҚАРСАҢЫНДА

Балалықтың бал дәмі

Биыл Халықаралық балаларды қорғау күнін мерекелеудің ортақ тұжырымдамасы әзірленді. Аймақта мереке қарсаңындағы іс-шаралар басталып кетті.

Аяулым СОВЕТ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Алғашқы спорттық шара «Әке, ана және мен» отбасылық жарысы республика бойынша бір күнде, бір сағатта, яғни, 22 мамыр күні сағат 11:00-де өтті. Бұл біріншіліктер Қазақстанның барлық балалар-жасөспірімдер спорт мектептерінде, соның ішінде Қарағанды өңірінде де ұйымдастырылды.

– Жарысқа бес отбасы, оның ішінде – анасы, әкесі және баласы қатысты. Жарыс Kids Athletics бағдарламасы бойынша өтті. Қарапайым, көңілді әрі қызықты жарыс ретінде есте қалды, – деді жеңіл атлетикадан облыстық олимпиадалық резервтегі мектеп басшысы Нұрлан Түсіпов.

Жарысқа Бекешевтер отбасынан Нұрлан, Жанна және олардың қызы Асыл қатысты.

– Бұрын жұбайым жеңіл атлетикамен айналысқан. Ал, қазір төрт жыл бойы қызымыз жаттығады. Біз спортқа берілген отбасымыз. Жарысқа қатысуды қызым ұсынды, оны қолдауға шешім қабылдадық.

Ойын мен бала әрқашан егіз ұғым. Баласыз ойынды, ойынсыз баланы елестете алмайтынымыз шындық. Бала спорт арқылы жетіледі, айналасын таниды, адам болып қалыптасады. Бәрімізде балалық дейтін балдәуреннің баспалдағынан аттағанымыз кеше ғана. Сондықтан отбасында балаға қолдау білдіріп, үлгі көрсетуіміз керек, – деді Нұрлан Бекешев.

Асыл ата-анасымен мақтанатынын айтты. Шараға қатысқандарға тәтті сыйлықтар таратылды.

Сондай-ақ кеше Қарағандыда балаларды қорғау күнін мерекелеу аясында тағы бір акция өтті. Елімізде спорт мектептері тәрбиеленушілерінің жалпы таңертеңгілік жаттығуына аймақ бойынша 28 мыңға жуық ұлдар мен қыздар қатысты.

Майталман Мақпал

Дамыған елдерде жұмысшы мамандықтар қоғамдық тұрғыда зор құрметке ие. Көптеген елдерде жұмысшы мамандардың еңбегін мойындау және құрметтеу мәдениеті қалыптасқан. Әлемнің әр түпкірінде бұл құрмет түрлі формада көрініс табады. Биыл еліміздегі «Жұмысшы мамандықтарының жылында» қарапайым еңбек адамдары дәріптелуде. Солардың бірі – энергетикада жүрген жандар.

Әрине, қоғамда энергетика көбіне ерлерге тән деп саналса да, Қазақстанда бұл стереотипті бұзып жүрген әйелдер бар. «Tranco IRT» ЖШС-нің Қушоқы кентіндегі филиалында еңбегіне ел сүйсінген ерекше электрмонтері Мақпал Ахмедьянова жұмыс істейді.

Аяулым СОВЕТ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Мақпал Боранбайқызы теміржол бойында дабылды орталықтандыру және бұғаттау құрылғыларын жөндейді. Қарағандыдағы политехникалық колледжде білім алған ол – электрмеханик. Оның айтуынша, әйелдер де бұл салада табысты жұмыс істей алады. Бастысы – кәсіби біліктілік пен жауапкершілік. Оған қоса, электроникадағы мұндай мысалдар әйелдердің техникалық мамандықтарда да табысты бола алатынын көрсетеді. Он жыл бойы теміржол электрмонтері болған ол кәсіби шеберлігін үздіксіз жетілдіріп, еңбекқорлығының арқасында әріптестерінің құрметі мен сеніміне ие.

– Көбіне энергетика және электр жүйелері бойынша мамандар – электррикер, электрмонтерлері – электр желілерін жүргізу, жөндеу және техникалық қызмет көрсету жұмыстарын істейді. Маған бұл жұмысым ұнайды, өйткені оның қажеттілігі туралы түсінік бар. Біз адамдарға жылу мен жарық береміз. Біздің міндет – жабдықты бақылау, жүктемені бөлу, сондықтан, электр энергиясы толық жет-

кізіледі. Қушоқы кентінің тумасы болғандықтан, кішкентайымнан теміржолды көріп, естіп, білдім. Оқуымды тәмамдаған соң көп күтпей осында жұмысқа орналастым, – дейді Мақпал Боранбайқызы.

Жас маманның жұмысына деген жауапкершілігі, кәсіпке деген құрметі сөзінен әрі ісінен анық аңғарылады. Биылғы жылдың «Жұмысшы мамандықтарының жылы» деп жарияланғаны – өзі сияқты еңбек адамдары үшін қолдау екенін айтады. Оның айтуынша, өндірісте жүрген мамандардың еңбегі еленіп, қоғамда беделі арта түссе, бұл – жастардың техникаға қызығушылығын оятады.

– Президент «Еңбек адамы дегеніміз, ең алдымен, таза жұмыс істейтін адам! Өзінің табысын маңдай терімен табатын, жанын салып жұмыс істейтін адам – еңбек адамы! Ол – диқан, ол – малшы ма, ол – жазушы ма, бәрібір. Маңдай терін төгіп жұмыс істеген әрбір адам – қадірлі! – деп атап өтті.

Қазақстанда «Жұмысшы мамандықтары жылының» жариялануы – еңбек адамдарының абыройын арттыруға және елдің экономикасын тұрақты дамытуға бағытталған маңызды қадам.



– Бұл бастама тек жұмысшы мамандықтарын қолдаумен шектелмей, бүкіл қоғамның еңбек мәдениетін өзгертуге ықпал етеді. Алдағы жылдары қолға алынған шаралар еңбек нарығында теңгерім орнатуға, жастардың кәсіби бағдарын дұрыс қалыптастыруға және өндірістік саланы жоғары сапалы кадрлармен қамтамасыз етуге негіз болады. «Жұмысшы мамандықтарының жылы» – Қазақстанның еңбек адамына деген құрметін көрсететін айқын белгі, – дейді Мақпал.

Қуат көзімен жұмыс істейтін кез келген маман үшін қауіпсіздік – бірін-

ші орында тұрады. Электрмонтерлердің жұмыс күні әрқашан қауіп-қатерге толы. Электр қуатымен байланыс жасау, оның ақауларын тауып, жөндеу – зор шеберлік, білім мен жауапкершілікті талап етеді.

– Энергетика саласында негізінен ер адамдар жұмыс істейді. Ауыр сөмкемен ауа райында нысандарға бару, апаттарды жою, күрделі есептеулер жүргізу әйелге тән емес секілді көрінеді. Әрине, әртүрлі төтенше жағдайларда бұл қиын. Құрал-саймандар салынған сөмкенің салмағы өте көп. Бірақ, басқа салада мен өзімді елестете алмаймын. Бұл маман-



ЖҰМЫСШЫ
МАМАНДЫҚТАРЫНЫҢ
ЖЫЛЫ

дыкқа қызығушылық танытқан адам алдымен электр жүйелері мен құрылғыларын терең меңгеруі қажет. Электрмонтер мамандығы көптеген техникалық білім мен дағдыларды талап етеді. Мамандар арнайы оқудан өтіп, сапалы теориялық білім мен тәжірибе алады. Сонымен қатар, электрмонтерлердің еңбек нарығында бәсекеге қабілетті болуы үшін үнемі жаңашылдықты қабылдай алатын, инновациялық технологияларға бейім болғаны жөн, – дейді Мақпал.

Жұмысшылардың сөзіне сүйенсек, «Tranco Industrial Railways Transportation» ЖШС мекемесінің мамандары қызметкерлердің кәсіби өсуіне ерекше көңіл бөледі. Мұнда олар бастамашылық пен кәсіпқойлықты бағалайды, сонымен қатар, дамуды қолдайды және карьералық өсу үшін жағдай жасайды. Дәл осы қасиеттер компанияның өз саласында көшбасшы болып қалуына ықпал етуде.

Қазір Мақпал 4-разрядты электрмонтері ретінде күрделі құрылғылармен жұмыс істейді. Әріптестері оны жауапкершілігі мен ұқыптылығы үшін жоғары бағалайды. Ол жұмыс орнында тәртіп пен тазалықты сақтап, цехтың жайлы болуына үлес қосады. Үйде болса, тұрмыстық істермен айналысып, отбасылық өмірді бірінші орынға қояды.

Мақпалдың айтуынша, әйел адамның қолынан күймейтін іс жоқ. Оның өз ісіне деген сүйіспеншілігі мен табандылығы көптеген жас мамандарға үлгі.

Сурет кейіпкердің мұрағатынан

ВАЛЮТАЛАРДЫҢ РЕСМИ БАҒАМДАРЫ:

•EUR/KZT 579.70

•USD/KZT 510.84

•RUB/KZT 6.39

•CNY/KZT 71.11

Қазақстан Ұлттық Банкінің
26 мамыр, 2025 жылғы дерегі бойынша

• БРИФИНГ

Қауіпсіздік қаперден шықпасын

Өңірлік коммуникациялар қызметінде өткен брифингте облыстық санитариялық-эпидемиологиялық бақылау департаменті басшысы Юрий Залыгин жазғы демалыстың көңілді және қауіпсіз өтуі ата-аналарға байланысты екенін баса атады.

Жансая ОМАРБЕК, «Ortalyq Qazaqstan»

— Егер балаңызды қала сыртындағы лагерге жіберетін болсаңыз, әуелі сауықтыру ұйымының халықтың санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығы саласындағы нормативтік құқықтық актілерге сәйкестігі туралы қолданыстағы санитариялық-эпидемиологиялық қорытындысы бар екеніне көз жеткізіңіз, — дейді ол.

Биыл облыс көлемінде қала сыртындағы 10 балалар лагерінің жұмысы жоспарланған. 20 мамырдағы дерекке сәйкес аумақтық санитариялық-эпидемиологиялық бақылау басқармаларына жазғы лагерлерге қорытынды алуға өтініш түскен жоқ. Қазір оларда объектіні дайындау жұмыстары жүргізілуде.

— Баланы лагерге сапарға дайындаған кезде онымен жеке гигиена ережелері, тамақтан улану және жіті ішек инфекцияларының алдын алу туралы әңгіме жүргізіңіз. Тез бұзылатын тағамдарды, соның ішінде, үйде дайындалған тағамдарды, лимонадтарды, үлкен пакеттердегі шырындар мен нектарларды, консервілерді сапарда өзімен алып жүруге немесе балаларға лагерде беруге болмайды. Азықтүлікті сақтаудың қажетті шарттары мен мерзімдерін сақтамау тамақтан улануға және ішектің жұқпалы ауруларына әкелуі мүмкін, — деп ескертеді департамент басшысы.

Жаздың ыстық күндерінде ересектер мен балалардың тоғанға шомылуға деген қызығушылығы артады. Алайда, ластанған су өткір ішек инфекцияларының, паразиттік инфекциялар, терінің саңырауқұлақ инфекциялары, лямблиоздың өршуіне әкелуі мүмкін екенін есте ұстаған жөн. Осыған байланысты, балаларға бекітілмеген немесе тыйым салынған су айдындарында, субұрқақтарда шомылуға рұқсат бермеген дұрыс.

— Санитариялық-эпидемиологиялық бақылау органдары балалардың сауықтыру ұйымдарының жанында орналасқан ашық су айдындарындағы судың жай-күйіне мониторинг жүргізеді. Суды зерттеу нәтижелері департаменттің интернет-ресурсында жарияланады. Облыс әкімінің қаулысына сәйкес облыс бойынша су объектілерінде жаппай демалуға, туризмге арналған орындардың тізбесі бар. Оған 89 нысан кіреді.

Вирустық, паразиттік және басқа да аурулардың алдын алу мақсатында аумақтық басқармалар мамыр айынан бастап, санитариялық-эпидемиологиялық мониторинг шеңберінде рекреация аймақтарынан санитариялық-химиялық, микробиологиялық, вирусологиялық, паразитологиялық көрсеткіштерге, тырысқақ вибрионының болуына ашық су қоймаларынан және топырақтан су сынамаларын алу жұмыстарын жүргізеді. Сондай-ақ, санитариялық ережелердің талаптарына сәйкес, шомылу маусымы басталар алдында объектілердің иелері өндірістік бақылау шеңберінде су қоймаларының суы мен жағажайлардан құмға зертханалық зерттеулер жүргізуі қажет, — деп атап өтті Юрий Залыгин.

Жазғы кезеңде елдімекенді абаттандыру элементі ретінде субұрқақтар қолданылады. Субұрқақтардың негізгі қызметі — эстетикалық және ауаны ылғалдандыру. Субұрқақтар жүзу үшін жабдықталмаған әрі ондағы су қосымша тазартудан немесе дезинфекциялаудан өтпейді. Сол себепті, субұрқақтарда шомылуға, қолды, жемістерді жууға болмайды.

Қарағанды облысының санитариялық-эпидемиологиялық бақылау департаменті ата-аналарды балаларына субұрқақтардағы су ойындарының жарақат алу қаупі, қауіпсіздік және жеке гигиенаны сақтау ережелері, сондай-ақ, оларға шомылуға жол бермеу және тыйым салу туралы түсіндіруге шақырады. Ашық су қоймалары ыстық мезгілде инфекция көзіне айналатындықтан, шомылу үшін ұйымдастырылған жерлерде суға түсу қажет.

Брифинг барысында спикер алдағы мерекелерде тамақтану кезінде сақтық танытып, қауіпсіз орындарда тамақтануға кеңес береді.

Аманатқа адалдық ауылдан басталады



Сурет ашық дереккөзден

(Соңы. Басы 1-бетте)

Мұндай жаңғырту ауыл еңбеккерінің жұмысын жеңілдетіп, өнімділікті еселей түсері сөзсіз. Жобаны жүзеге асыру үшін 2 миллиард теңге көлемінде қаржы қарастырылып, қолмақты қаражат 296 шағын

несие беруге әрі 322 тұрақты жұмыс орнын ашуға бағытталу үстінде. Бағдарламаның тиімділігін тереңірек зерттеп, мақсатты түрде іске асыру үшін үш пилоттық аудан таңдалды. Ақтоғай, Бұқар жырау және Қарқаралы. Өрісті өңірлер ауыл шаруашылығымен айналыса-

тын, өндірістік әлеуеті жоғары, белсенді халық шоғырланған аймақтар. Ендігіде аталған аудандарда қаржыландыру жұмыстары «Бір ауыл — бір өнім», 17 қағидаты бойынша жүргізілмек. Яғни, әрбір ауыл өз ерекшелігі мен артықшылықтарына сай бағыт тандап, кооператив-

тер құру арқылы нақты өнімге маманданбақ. Тың тәсіл ауылдар арасындағы экономикалық әртараптандыруды күшейтіп, сапалы өнім өндірісін жүйелеуге жол ашады.

— Биыл ауданымызда ауыл шаруашылығы кооперативтерін құру жұмыстары қарқынды жүріп жатыр. Пилоттық жоба ретінде төрт ауылдық округ таңдалды. Қайнарбұлақта — ет өңдеу, Қаршығалыда — сүт жинау және өңдеу, Егіндібұлақ ауылдық округінде — ет комбинатын ашу, ал, Тегісшілдікте — мал азығын дайындау бағытындағы кооперативтер құрылды. Біз әрбір жобаның табысты жүзеге асуына жан-жақты қолдау көрсетеміз, — деді Қарқаралы ауданының әкімі Әділжан Арғынов.

— Орталық ауылдық округте «Ел қазынасы» кооперативі еттің жартылай фабрикаттарын өндіретін цех ашып, жылына 150 тонна өнім өндіріп, 17 адамды жұмыспен қамтымақ. Көкпекті округінде «Karlugash агро 2030» кооперативі базасында сүт бағытындағы ірі

жоба жүзеге асады. Бұл жерде тәулігіне 30 тонна сүт өңдейтін цех құрылып, 20 жаңа жұмыс орны ашылады. Аудан орталығында да маңызды жобалар жоспарланған. Атап айтқанда, «Gran corn Botakara» кооперативі 44 адамды жұмыспен қамтып, ірі қара мен ұсақ малға арналған түйіршікті жем өндіретін цех салуды бастайды, — деп мәлімдеді Бұқар жырау ауданының әкімі Ерлан Құсайын.

Иә, Ел ішіндегі еңбек адамдары енді болашағына сеніммен қарап, өз кәсібін дөңгелетіп, туған жерін түлетуге кірісті. Бұрын армандай ғана айтылатын мүмкіндік бүгінде қолжетімді шындыққа айналуда. Бүгіннен басталған игі қадам — ертеңгі тұрақты табыс, әлеуеті артқан ауыл, жаңарған өмір салты. Бұл — ел Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев қойған тапсырманың өмірмен ұштасқан көрінісі. Ендігі кезекте әр тұрғынның, әр кооперативтің қолынан келетін іс — осы мүмкіндікті ұтымды пайдалану. «Ауыл аманаты» — ел аманаты.

• БАЛА – БОЛАШАҒЫМЫЗ

Келешекке кемел инвестиция

Қазақстанда бала болашағына ерте бастан инвестиция салуға бағытталған жаңа бастама — «Келешек» білім беру жинақ жүйесі іске қосылды. 2025 жылдан бастап, осы бағдарлама аясында 5 жасқа толған балаларға мемлекеттен арнайы білім беру капиталы төлене бастайды. Алғашқы төлемдер биылғы 31 тамызға дейін жасалады.

Жаңа жүйе бойынша төлем жылдың бірінші жартыжылдығында 5 жасқа толған немесе толатын балаларға қарастырылған. Әр бала үшін мемлекет 60 айлық есептік көрсеткішке тең, яғни, 235 920 теңге көлемінде қаржы бөледі. Ал, ата-анасының қамқорлығынсыз қалған және жетім балалар үшін бұл сома екі есе — 120 АЕК, яғни, 471 840 теңгеге дейін ұлғайтылады.

Мемлекеттік білім беру капиталын алу үшін ата-аналарға ең алдымен «Отбасы банкінде» AQYI білім беру жинақ депозитін ашу қажет. Бұл арнайы шот баланың кемелетке толғанға дейінгі кезеңде оқуына қажетті қаражатты жинауға арналған. Қазіргі таңда еліміз бойынша 6 624 ата-ана осындай депозит ашып үлгерген.

Сонымен қатар, депозит ашқан ата-аналар 15 мамыр мен



Сурет ашық дереккөзден

30 маусым аралығында «Баспана Маркет» онлайн платформасындағы жеке кабинет арқылы қосымша келісімге қол қоюы тиіс. Қол қою процесі бір ғана батырманы басу және SMS арқылы

расталуы тиіс.

«Келешек» жүйесі бойынша төлемдер баланың туған күніне қарай екі кезеңге бөлінеді. 2025 жылдың 31 тамызына дейін — 2025 жылдың бірінші жартысын-

да 5 жасқа толған балалар үшін, 2026 жылдың 28 қапанына дейін — екінші жартысында 5 жасқа толатын балалар үшін.

Бұл бастама — тек бір реттік қаржылай көмек емес, баланың білім алуына бағытталған ұзақ мерзімді қолдау жүйесінің бір бөлігі. Білім беру капиталы арқылы ата-аналар болашақ шығындарды алдын ала жоспарлап, баласының жоғары оқу орнына түсуіне немесе колледжде оқытуына қажетті қаржыны жинай алады.

Нұрлыбек СЕЙДІМБЕК,
Қарағанды зерттеу университетінің
II курс студенті

Өзендер «оянып» келеді

Тазалық тек әсемдік пен әдемілік ғана емес, мәдениет. Жауапкершілік. Елге, келешекке деген жанағырлық. Бүгінде «Таза Қазақстан» ұраны шын мәніндегі қозғалысқа, елді біріктірген жалпыхалықтық мақсатқа айналды. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың өзі баса айтқанындай, бұл бір күндік шара емес, өмір салты. Қарағанды облысы да бағдарлы бағытта табиғатты түлетіп, болашаққа жасыл мұра қалдыру үшін ауқымды, батыл істерге бел шеше кірісіп отыр. Өзендер арнасын қайта тауып, қокыс алаңдары қысқарып, жаңа инфрақұрылымдар бой көтеріп жатқан бүгінгі ахуал — ертеңге деген сенімнің айғағы.

Ерқанат КЕЧЕСБЕКҰЛЫ, «Ortalyq Qazaqstan»

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев «Таза Қазақстан» экологиялық фестивалінде «Тазалық әр адамнан, әр үйден, әрбір көше мен әр қаладан басталуы керек. Өйткені, «Таза Қазақстан», бұл — бір күндік науқан емес. Бұл — біздің өмір салтымыз. «Жас келсе — іске» деп халқымыз бекер айтпаған. Баршаңызды табиғатты қорғау идеясы біріктіріп отыр. Сіздер бәріміз бірге істеп жатқан жұмыстың арқасында бұл игі бастама осындай үлкен қозғалысқа айналды. Ортақ іске күш жұмылдыру дегеніміз — осы», — деген еді.

Осы орайда облыс аумағында да табиғатты түлету, туған жердің тұмса табиғатын қорғау бағытында ауқымды әрі келелі істер жүйелі түрде жүзеге асырылуда. Қоршаған ортаны қорғау жөніндегі 2022-2024 жылдарға арналған кешенді іс-шаралар жоспары аясында былтыр үлкен маңызы бар экологиялық жобалар қолға алынды. Атап айтқанда, көне тарих пен табиғи байлықтың куәсіндей болған Үлкен Бұқпа мен Тоқырауын өзендерін санациялау бойынша ірі көлемді жұмыстар басталды. Биыл осы жұмыс барысын толығымен аяқтап, өзендердің жаңарып, өмірге қайта оралған арналарын көру көзделді. Сонымен қатар, Нұра-Волховское және Молодецкое өзендерінің маңызды екі учаскесін жобалау жұмыстары да қызу қарқынмен жүргізілуде. Туған өлкенің табиғи келбетін қалпына келтірумен қатар, болашақ ұрпаққа саф таза табиғат сыйлауға бағытталған биік мақсаттан туындаған әрекеттер көңілге қуаныш ұялатары сөзсіз.



Сурет облыс әкімінің сайтынан

— Қатты тұрмыстық қалдықтарды көму көлемін азайту және оларды қайта өңдеу үлесін арттыру — бүгінгі күннің өзекті әрі маңызды міндеттерінің бірі. Яғни, экологияны қорғау ғана емес, ел болашағына деген жауапкершілікті де сезінеміз дәл. Былтыр облыс жабдықталды түзілген қатты тұрмыстық қалдықтар көлемі 370 мың тоннаға жетегабай еді. Оның ішінде, 209,5 мың тоннасы қайта өңделіп, қайта пайдалануға жол тартты. Осы бағыттағы инфрақұрылымды нығайту мақсатында 2817 арнайы контейнер сатып алынып, 356 заманауи контейнерлік алаң жабдықталды. Алдағы жылдары да осы оң үрдіс жалғасып, контейнерлер мен алаңдарды орнатуға тұрақты түрде қаржы қарастыру көзделуде, — деп ескерді облыстық табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасы басшысының орын-

басары Өсет Тазабеков.

Экологиялық ахуалды жақсартуға бағытталған тағы бір маңызды бастама — қатты тұрмыстық қалдықтарды басқару инфрақұрылымын жетілдіру. Өткен жылы Абай қаласында заманауи қокыс сұрыптау желісімен жабдықталған жаңа қатты тұрмыстық қалдықтар полигонының құрылысы басталды. Нысан қалдық атаулысын тиімді сұрыптап, қайта өңдеуге жол ашатын, қоршаған ортаға түсетін жүктемені едәуір жеңілдететін стратегиялық жоба. Сонымен қатар, Бұқар жырау, Қарқаралы және Шет аудандарында үш бірдей пилоттық жобалау жұмыстары жүргізілуде. Теміртау қаласында да қоршаған ортаны сауықтыру бағытындағы нақты істер қолға алынууда. Подгруппа мен Қ.Аманжолов көшелерінде жылдар бойы жиналып, табиғатты «тұншықтырып» келген рұқсат етілмеген қокыс үйінділерін

жою жұмыстары басталды.

Облыстың экологиялық қауіпсіздігін қамтамасыз ету жолында бірқатар күрделі әрі кешенді жобалар жүзеге асырылуда. Соның бірі — бұрынғы «Дарьял-У» радиолокациялық стансасының аумағында орналасқан жерлерді қалпына келтіру амалдары. Нәтижесінде техногендік жүктемеден зардап шеккен аумақ қайта түлетіп, табиғи тепе-теңдікті қалпына келтіруге бағытталған маңызды экологиялық миссия межесіне жетпек. Биыл өңірде ауқымды су санациясы жобалары жалғаса түседі. Қарағанды қаласы мен Тоқырауын өзенінде реттеуші гидротехникалық құрылыстарды орналастыру арқылы Үлкен Бұқпа өзенінің арнасын кешенді түрде санациялау жұмыстары жалғаспақ. Бастама су ресурстарын ұтымды пайдалануға септеседі. Сонымен қатар, Биыл Соқыр және Шерубай-Нұра

өзендерін санациялау бойынша екі жаңа жобаны әзірлеу қолға алынады.

— Біздің Қазақстаннан басқа Отанымыз жоқ. Туған жерімізді ешкім сырттан келіп тазалап, көркейтіп бермейді. Отанымызды таза ұстау — әр азаматтың қастерлі парызы. Соңғы жылдары елімізде көптеген маңызды өзгеріс болды. Өділетті мемлекет болу үшін біз заң мен тәртіпке бағынатын қоғам құрып жатырмыз. Сондай-ақ, ауқымды реформалар жүргізіліп жатыр. Мұның бәрі, ең алдымен, өскелең ұрпақ үшін, яғни, сіздер үшін жасалуда. Қазақ жастарының болашағы — жарқын, жолы — ашық. Мен сіздерге сенемін, зор үміт артамын! Отаншыл, білімпаз, еңбеккер болыңыздар деп тілеймін. Сонда Қазақстанымыз да Өділетті, Таза, Қауіпсіз және Өркендеген озық ел болмақ. Бәріңізге сәттілік тілеймін! — деді Президент Қасым-Жомарт Тоқаев.

Осы жылы су ресурстарын тиімді басқару және инфрақұрылымды жаңғырту бағыты өз жалғасын табады. Облыс аумағындағы су қоймаларына күрделі және ағымдағы жөндеу жұмыстары жүргізіледі. Сонымен қатар, жаңа жобаларды әзірлеу, су шаруашылығы құрылыстарына техникалық тексеріс жүргізу, сондай-ақ, гидротехникалық нысандарда жоспарлы жөндеу жұмыстары атқарылады. Бұл жұмыстар тек техникалық тұрғыдан ғана емес, өңірдің экологиялық және әлеуметтік тұрақтылығына оң ықпал ететін маңызды қадамдар саналады. Бұдан бөлек, су шаруашылығы объектілерін облыстың коммуналдық меншігіне қабылдау бағытындағы жұмыстар да жоспарлы түрде жалғасады.



• ПАУЭРЛИФТИНГ

Драмменде дара шықты

Әке мен баланың спорт сайыстарында қатар өнер көрсетуі сирек кездесетін құбылыс. Ал, екеуінің де ел абыройын асқататын, бір жарыста қатар жеңіс тұғырынан көрінуі – анызға бергісіз оқиға. Ақадырлық әкелі-балалы Дәрібай Оспанов пен Абдулкерім Қараманды бүгінгі күннің батырлары деп ауыз толтырып айтсақ та қателеспейміз. Себебі, қос спортшы спорттың ең ауыр әрі ең күрделі түрі пауэрлифтингтен ел намысын қорғап, төрткүл дүниені тамсандырып келеді. Бұған дейін де газетімізде сүйіншілеп, әкелі-балалы спортшының жетістігін жазған едік. Бірақ, бұл жолғы жетістіктері мүлдем басқа әңгіме.

Ербол ЕРБОЛАТ,
«Ortalyq Qazaqstan»



Норвегияның Драммен қаласында пауэрлифтингтен Әлем чемпионаты өткен болатын. Байрақты бәсекеге әлемнің 14 елінен 1400-ден астам зілтемірші қатысып, өзара мықтыны анықтады. Ал, осы чемпионатта облыс атынан сынға түскен әкелі-балалы спортшылар ел байрағын көкке көтерді.

Дәрібай Қараманұлы бұл байрақты бәсекеде 70 жастан асқан ардагерлер арасында 93 келіге дейін салмақ дәрежесінде күш сынаған. Ардагер спортшы өз салмағында қос аталым бойынша өнер көрсеткен. Нәтижесінде, пауэрлифтингтің классикалық түрінен – қола, арнайы жабдықпен көтеруден – алтын медаль еншіледі. Осылайша ардагеріміздің

халықаралық жарыстан алған медаль саны – 22-ге, ал, әлем біріншілігінен алған жүлде саны – 10-ға жетті. Оның бесеуі – алтын, төртеуі – күміс және біреуі – қола жүлде. Осы уақытқа дейін Азиядан 10 алтын және екі күміс медаль еншілепті.

Ұлы Абдулкерім Қараман да бұл чемпионаттан қос алтын алыпты. Спортшы өз салмағында классикалық түрінен 190 келіні бағындырып, қара үзді. Ал, арнайы жабдықпен көтеру аталымы бойынша 245 келіні бағындырып, қарсыластарына мүмкіндік қалдырмады.

– Ұлым Абдулкерім осы чемпионатта халықаралық төрешілер қауымдастығының қатарына еніп, төрешілік етті. Әрі өзі де сайысқа

түсіп, қос алтынның иегері атанды. Абдулкерім шетел жарыстарында 20 медаль еншілеген. Әлем біріншілігінен жеті алтын, жеті күміс алған. Ал, Азия біріншілігінен алты алтын таққан. Аталған чемпионат жоғары деңгейде өтті. Әлемдік аренада ел абыройын асқатату – біз үшін үлкен мәртебе. Әлі де бағындырар белесіміз көп болғай, – дейді Дәрібай Қараманұлы.

Айта кетейік, Ұлттық құрама спортшылары қос сайыста да жалпыкомандалық есепте көш бастады. Ал, ерлер арасында сынға түскен ақтаулық Асқар Шоқанов абсолюттік чемпион атанды.

Сурет спортшылардың жеке мұрағатынан

• ТҰСАУКЕСЕР


Тасқа түскен тарих

25 мамыр – Алаштың алыбы Әлімхан Ермековтің туған күні. Осыған орай Арқаның ардақты азаматтары, зиялы қауымы ұлт азаттығы үшін шешуші рөл атқарған асыл ердің зиратына барып, аруағына Құран бағыштады. Сонымен қатар, Арқаның қадірлі ақсакалы, белгілі өлкетанушы, Ақтоғай ауданының Құрметті азаматы, Қазақстан Республикасының мәдениет саласының үздігі Тұңғышбай Мұқан оқырманына «Үш арыстың ауылынанбыз» атты жаңа кітабын таныстырды.

Ерік НАРЫН,
«Ortalyq Qazaqstan»

Бұл кітаптың жарық көруіне Ақтоғайдың азаматтары қолдау көрсетті. Тұңғышбай Мұқан – Ақтоғай ауданындағы мәдениет пен өнер саласының дамуына зор үлес қосқан қайраткер тұлға. Зейнетке шыққаннан кейін өңір тарихын түгендеген бірнеше кітапты жарыққа шығарды. Ақтоғайдың энциклопедиясын да жасаған. Ақсақалдың елге сіңірген еңбегі турасында «Арқаның ардақтысы» атты мақаламыз жазылған еді.

Бұл кітаптың да жөні бөлек. Қаншама жыл жасаған зерттеулер мен ізденістердің қорытындысы. Кітаптың тұсаукесеріне Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісінің депутаты Құдайберген Бексұлтанов пен әскери қайраткер, запастағы полковник Амангелді Жантанта



сов арнайы келіп, лебіздерін білдірді. Құдайберген Бексұлтанов Тұңғышбай Мұқанға күміспен күнтелген қамшы сыйлады.

– Біз Тұңғышбай ақсақалды ерекше құрметтейміз. Ол әлі күнге дейін елі үшін аянбай еңбектеніп жүр. Әсіресе, жас ұрпаққа қажетті қастерлі топырағының тарихын лайықты тәрізге шығара білді. Қаламыңыз қаңтарылмасын! Шығармашылық табыс тілеймін! Сізді облыстық мәслихаттың депутаты болып жүрген кезден танимын. Әр істе ұлттың игілігін ойлап тұрасыз. Соныңыз тізгін ұстаған азаматтарға үлгі болса екен, – деді Құдайберген Бексұлтанов.

Облыстық мәдениет, архивтер

және құжаттама басқармасының басшысы Ғалымжан Өтелбайұлының құттықтау хаты оқылды. Басқарма басшысы Тұңғышбай Мұқан шығармашылығы ұрпақ үшін құнды мұра болатынына сенім білдіріпті.

Кеште Тұңғышбай Мұқанның Сүйіндік Жанысбай, Оралбек Жүнісұлы секілді белгілі қаламдастары да төбе көрсетті. Сонымен қатар, әйгілі «Тоқырауын толқындарының» өнерпаздары қадірлі меймандардың қатарында. Кеш модераторы Қазақстан Республикасы Мәдениет саласының үздігі Нұрлан Күлшікенов болды.

Сурет ұйымдастырушылардан

• ТУРНИР

Тартысты ойын өрнегі

Ақтоғай ауданында волейбол ойынының дамуына, оның бұқаралық сипат алуына өзіндік үлесін қосқан спортшы, ұлағатты ұстаз, волейболдан облыстық жарыстардың бірнеше дүркін жеңімпазы Ахат Қынашинді еске алуға арналған аудандық ашық турнир өтті. Биыл алғашқы мәрте жалауы желбіреген тоспадоп бәсекесінде 8 команда бақ сынап, тартысты ойын өрнегін көрсетті.

Нұрдіс КӘРІМ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Турнирдің ашылуына қатысқан Ақтоғай ауданының әкімі Абылай Аманжолов спорт ардагері Ахат Қынашинді аудан спортының жанашыры болғандығын айтты.

– Ахат Құлмағамбетұлының спортшыларды волейболдан жарысқа дайындауда еңбегі ерен еді. Ахат ағамыздан тәлім алған шәкірттері аудандық, облыстық және республикалық жарыстардан жүлдесіз қайтпаған. Әрдайым аудан намысын қорғап, тірісінде талай рет жеңіс тұғырынан көрінді. 1989 жылы 232 команда арасынан, жалпы есеп бойынша үздік ондыққа ілігіп, тоғызыншы орынға тұрақтаған Ақтоғайдың волейбол командасын әлі ешкім есінен шығарған емес. Осы дүбірлі додада қазақстандықтар арасынан өзге спорт түрлерінен де суырылып алға шыққан командалар болған жоқ. Сол кезде Мәскеуде өткен Бірінші Бүкілодақтық кәсіподақ спартакиадасында Қазақстаннан тек қана біздің Ахат аға бастаған ақтоғайлық тоспадоп шеберлері абыроймен оралған еді, – деді аудан басшысы Абылай Аманжолов. Еске алу турнирінде спорт ардагерінің бауырлары, әріптестері мен шәкірттері ол жайында жақсы естеліктер айтты. Бастамашыл азаматтың спортқа, әсіресе, қыздар арасындағы волейболға қосқан үлесін жарыса жеткізді.

Жарыс қорытындысы бойынша I орынды Ақтоғай ауданының «Достар» командасы, II орын «Алаш-Жібек-жолы» командасы, III орынды Ақтоғай ауылынан «Шатырша» командасы иеленді. IV орынды Приозерск қаласынан келген команда місе тұтты. Турнирдың «Үздік ойыншысы» – Азамат Барменов, «Үздік шабуылшысы» – Асхат Усманов, «Үздік ойын ұйымдастырушысы» – Айбек Мұқашев атанды.

Номинация алған үздік ойыншылар мен жүлделі орын алған командалар ақшалай сыйлықпен марапатталды.

Ақтоғай ауданы

• ҰЛТТЫҚ СПОРТ

Ұлы Дала ұлағаты

Шет ауданында I аудандық «Көшпенділер ойыны» ұлттық спорт додасы өтті. Ата-бабамыздың асыл мұрасын жаңғыртқан айтулы шараға 500-ден астам оқушы қатысты. Жарыста жас спортшылар аударыспақ, қазақ күресі, асық ату, тоғызқұмалақ, бес асық, садақ ату сынды ұлттық ойындарда бақ сынады. Қатысушыларға аудан басшысы Мұхит Мұхтаров сәттілік тіледі.

Нұрдіс КӘРІМ,
«Ortalyq Qazaqstan»

– Осындай шаралардың арқасында өскелең ұрпақ атадан балаға мирас болған этносport түрлерін жоғары деңгейде танытуға мүмкіндік алады. Сондай-ақ, көшпенді халықтардың мәдени өміріне рухани жақындасуына септігін тигізеді. Батырларымыз ұлы даланы дүбірге бөлеп, ат үстінде күнтүн демей ел қорғаса, Ақан сері, Біржан сал, Балуан шолак, Мәди сынды балуан, сал-серілеріміз ұлттық құн-



дылығымызды бізге жеткізді. Біздің бар мәдениетіміз ат үстінде. Жылқы мен қазақты бөліп-жаруға болмайды. Сондықтан, көшпенділер ойынының



маңызы зор, – деді әкім Мұхит Сайлаулы.

Қатысушыларды тегін ыстық тамақпен жеке кәсіпкерлер «Саттибаева», «Жунусовтер» ЖШҚ, «Исина» ЖК, «Қамбар» ЖК, «Мукашева» ЖК, «Станова» ЖК, «Оспанова» ЖК, «Қуланова» ЖК қамтамасыз етті. Сонымен қатар, С.Мұхамеджанов атындағы балалар өнер мектебінің өнерпаздары өз өнерлерін көрсетіп, шараның сәнін келтірді.

Дүбірлі дода барысында тек спорттық жарыстар ғана емес, сонымен қатар, ұлттық құндылықтарды дәрiпттейтін, қазақ халқының бай мұрасын танытатын ұлттық өнер мен колөнер үлгілерінен көрме ұйымдастырылды. Жасалған өнімдер, дайындалған бұйымдардан жәрмеңке көңiлiлiктiң назарына ұсынылды.

Сонымен қатар, жеңімпаздар мен жүлдегерлерге кубоктар, медальдар

және I, II, III дәрежелі дипломдар табыс етілді.

Айта кетейік, қазақ күресінен I орын – 10 қатысушы, II орын – 10 қатысушы, III орын – 20 қатысушы марапатқа ие болды. Аударыспақта I орын – 5 қатысушы, II орын – 5 қатысушы, III орын – 10 қатысушы марапатталды. Тоғызқұмалақта I орын – 6 қатысушы, II орын – 6, қатысушы, III орын – 6 қатысушыға бұйырды. Садақ ату бойынша I орын – 6 қатысушы, II орын – 6, III орын – 6 қатысушыға табысталды. Асық атуда I орынды – 3 қатысушы, II орынды – 3 қатысушы, III орынды – 3 қатысушы өзара бөлісті. Бес асық ойыны бойынша I орын – 3 қатысушы, II орын – 3 қатысушы, III орын – 3 қатысушы марапаттарға ие болды.

Шет ауданы

Суреттер

ұйымдастырушылардан

ORTALYQ QAZAQSTAN

Қарағанды облыстық қоғамдық-саяси газет

Құрылтайшысы: облыс әкімдігі

МЕНШІК ИЕСІ: «Saryarqa Aqparat» ЖШС

Директор
Қайрат Жүнісұлы ӨБІЛДА

Директордың орынбасары
Оксана Вячеславовна МЯГКИХ

Директордың орынбасары
Галия Боранқұлқызы БАСТЕНОВА

Бас редактор
Е.К. МҰСАБЕК
Бас редактордың орынбасары
Қ.А. АЙТЖАН
Сайт редакторы
І.Д. МҰҚАЙ
Жауапты хатшы
С.Б. ПИЯШ

Телефондар:

Бас редактор: 43-38-53

Бас редактордың орынбасары: 43-58-08

Интернет-редакция редакторы: 43-38-33

Жауапты хатшы: 43-49-72

Жарнама, факс: 43-57-82, 43-21-55;

Меншікті тілшілер:

Ақтоғай, Шет, Балқаш,

Приозерск: 8-702-293-13-70

Қарқаралы, Нұра,

Осакаров: 8-702-216-73-50

Теміртау, Саран, Шахтинск, Абай,

Бұқар жырау: 8-775-189-33-19

● Жарияланған мақала авторларының пікірлері редакция көзқарасын білдірмейді.
● Жарнамалар мен хабарландырулардың мазмұнына жарнама беруші жауап береді.
● Газетте жарияланған материалдарды сілтемесіз көшіріп басуға болмайды.
● Материалдың жариялану ақысы төленген

Газет Қазақстан Республикасы Ақпарат және Қоғамдық даму министрлігінің Ақпарат комитетінде қайта тіркеуден өтіп, 2020 жылғы 15 желтоқсанда № KZ18VPY00030163 күәлігі берілді.

Газет сейсенбі, бейсенбі, сенбі күндері шығады.

Мекенжайымыз: 100009, Қарағанды қ., Әлімхан Ермеков көшесі, №33 Ұй.

Электрондық пошта: ortalyk.kz@gmail.com; ortalyk.kaz@mail.ru

Жарнама бөлімі: ortalyk.reklama@mail.ru



Газет жеткізілмесе
41-26-82, 43-57-88
телефонына хабарласыңыздар.

«БанкЦентрКредит» АҚ ҚФ
Есеп-шот: kz50826MOKZTD2003131,
БИК KСJBKZXX БИН 000840001412

Тарапымы 4 724

№56 тапсырыс. Индекс 65484

Офсеттік басылым. Көлемі 2 баспа табақ.

Бағасы келісім бойынша
«Типография Арко» ЖШС баспаханасында басылды.
Қарағанды қ., Сәтбаев қ., 15.
Газеттің компьютерлік орталығында теріліп, беттелген.
Кезекші редактор Ерқанат КЕҢЕСБЕКҰЛЫ